

СПОРТ МЕКТЕБІ САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚАРУДЫҢ МӘНІ**Алсеитов Мирас Канатович**alseitov_miras@mail.ruЛ.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Дене шынықтыру және спорт кафедрасының
магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Марчибаева У.С

Қазіргі қоғамда дене шынықтыру және спорт жас ұрпақтың ғана емес барша жұттың салауатты және белсенді дамуындағы басты мәселелердің бірі болып табылады. Бұл ретте спорт саласындағы басқару мәселесі өзекті сұрақтардың қатарында десек қателеспейміз.

Адамдар жеке істей алмайтын немесе жекелеп істеу тиімсіз болғанды жұмыла істеу үшін басқару қажеттігі туындайды. В.Г.Афанасьевтің көзқарасы бойынша: «Басқару – қоғамның, оның кез-келген даму сатысындағы, ішкі өзіне тән қасиеті. Бұл қасиеттің жалпылық сипаты бар және ол қоғамның жүйелік табиғатынан, адамдардың қоғамдық, ұжымдық еңбегінен, еңбек пен өмір барысында қарым-қатынас жасау, өзінің материалдық және рухани өмірінің жемісімен алмасу қажеттігінен бастау алады» [1].

XX-XXI ғасырлар тоғысындағы басқару білімінің қарқынды өсуі мен өзгеру уақыты. Бұл эволюцияның бастапқысы ретінде басқарудың классикалық мектебінің негізін салушы А. Файольдің еңбектерін атауға болады, ол 1916 жылы басқарудың жалпы принциптерін ұсынған. Ғылыми басқарудың теориялық негізі кеңестік әдіснамалық мектепте жасалған дәл осылар болады [2].

«Басқарудың классикалық теориясы» 1930-жылдарға дейін ең басты орында болған. XX ғасырдың 30-жылдарында басқарушылық ғылым дамуында «басқарушылық қатынастар теориялары» атты жаңа бағыт қалыптасты. Классикалық теория бірлескен іс-әрекет нәтижелілігінің негізгі шарттары не, қашан, қайда және қалай істеу керектігін анықтайтын басқарудың нақты ресми құрылымы, жемісті жұмысты (ең бастысы, материалдық жағынан) қамтамасыз ету деп санаған. Ал адамдар қатынасының теориясы адамның ұйымдағы мінез-құлқын анықтайтын факторларды, мақсаттылық пен жеке тұлғалар арасындағы қатынастарды бірінші орынға қояды. Бұл теория XX ғасырдың 50-60-жылдары Батыста, әсіресе АҚШ-та кең өріс жайған, тәжірибеде оң нәтиже бере алмаған, дегенмен басқарудың демократиялық әдістерін кеңінен енгізу әрекеті де осы теориямен байланысты.

«Адамдық қарым-қатынас теорияларының» орнына, басқарудың жүйелік теориялары, жағдайаттық теориялар, басқарудың рационалистік (ақыл-ой талабына ғана негізделген) және мінез-құлықтың жағымды жақтарын біріктіруге ұмтылған, ұйымдастырушылық даму теориялары келді.

Әдетте, білім беру жүйесіндегі басқару туралы сөз еткенде, көбінесе, иерархиялық тұрғыдан: министрлікті, облыстық, аудан, қалалық білім беру басқармалары бірінші болып аталады. Оқу-тәрбие процесін тікелей басқару мектеп әкімшілігі деңгейінде және мұғалімнің қатысуымен жүзеге асырылатыны жиі ұмытылып қалады. Мектепті басқару теориясы (мектептану) арасында ғылыми іс-әрекет пен практикалық іс-әрекет ретінде объектілері, басқарудың тәсілдері мен нәтижелерінде айырмашылықтар бар.

Мектепті басқару мәселесіне арналған көптеген зерттеулер бар: оларда мектепті басқарудың (Э.Г. Костяшкин, Ю.А. Конаржевский, В.П. Стрезикозин, П.В. Худоминский, Т.И. Шамова, Н.Д. Хмель, Н.Н. Тригубова, т.б.) мәні ашылады [3].

Басқарушылық еңбекті ғылыми ұйымдастырудың жүйесін енгізу бойынша (И.П. Раченко, Умирбекова Ж.Б., Г.Т. Хайруллин, Г.А. Уманов т.б.); мұғалімдердің шығармашылық зерттеушілік және эксперименталды қызмет-әрекетін ұйымдастыру бойынша, ғылымды практикаға енгізу бойынша (А.А. Бейсенбаева, Л.И. Гусев, В.И. Журавлев, В.И. Загвязинский, Б.А. Койшибаев, В.В. Краевский, Г.Л. Лукпанов, М.Н. Скаткин, Я.С. Турбовский, т.б.); мамандықты жетілдіру бойынша (Я.С. Бенцион, Г.И. Горская, Л.С. Коробкова, Ш.Т. Таубаева, В.П. Топоровский, т.б.); мамандықты көтерудің психологиялық-педагогикалық және ақпараттық негізін құру бойынша (Г.С. Сухобская, А.С. Пискунов, т.б.); Қазақстандағы педагогикалық кадрлардың мамандығын көтеру жүйесін дамыту тарихы бойынша (Б.А. Альмухамбетов т.б.) жұмыстар жүргізіледі [4,5,6].

Мектеп басқарудың жаңашылдық аспектілері М.М.Поташкин, В.С.Лазарев, Л.И.Моисеев, И.И.Цыркун, Н.Р.Юсуфбекова және т.б. еңбектерде талданған. Алайда, спорт мектебінің басшыларын ұйымдастыруға және оған жаңалық ендіруді басқаруға даярлаудың әдіснамасы және маңызы спорт менеджменті саласында баяндалмаған [7].

М.М.Поташник бойынша «Басқару – мектептің қалыптасуын, тұрақтануын, тиімді қызмет етуін және дамуын қамтамасыз ететін барлық субъектілердің мақсатты іс-әрекеті». Бұл анықтама маңызды екі нәрсеге назар аудартады: біріншіден, кез-келген басқарудың мақсатты іс-әрекет болып табылатынына; екіншіден, ол басқалардан өзінің міндеттерімен ерекшеленетініне.

К.Я. Вазинаның пікірінше «Басқару – нақты бір мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін қалыптасуға жауап беретін жүйенің қызметі» [7].

Қазақстанның қазіргі мақсаты әлемдік аренада имиджін қалыптастыру. Осы орайда аламан спорттық жарыстардағы спортшыларымыздың жеңісі елімізді танытудың тиімді жолы деп тапты билік. Сол себепті де Олимпиада чемпиондары мен жүлдегерлерін тәрбиелеуде спорт саласындағы басқарушының рөлі өте маңызды.

Спорт саласында жоғары жетістікке жету, спортшылардың мотивациясын ояту, жігерлендіру бапкер мен сол ұйымды басқарушының шеберлігіне байланысты. Мысалы, Қазақстанда көптеген спорт мектептері бар, солардан шыққан чемпиондар, өздерінің бапкерлерінің шебер жетекшілігі мен басқарушының арқасында жоғары жетістіктерге жеткен. Бұл ретте спорт мектептерінің мықтылығын оның даңқты спортшыларынан байқауға болады. Еуропа чемпионы Серік Нұрқазов, Сидней олимпиадасына қатысқан халықаралық дәрежедегі спорт шебері Данияр Мұңайтпасов, екі дүркін әлем чемпионы, Лондон Олимпиадасының алтын медаль жүлдегері, Вэл Баркер кубогының иегері Серік Сәпиев, халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері Александр және Виктор Зарочинцевтер.

Қазіргі заманғы спорт саласындағы мектептерді басқарудың маңызы мен мәні болып табылатын басқару-педагогикалық құндылықтардың жиынтығын құрайды. Мектеп басшысы басқару қызметінің процесінде басқарудың жаңа теориясы мен концепциясын игеріп, ептілік пен дағдыларды меңгереді. Ал практикалық қызмет барысында олардың қаншалықты маңыздылығына баға беріледі.

Қазіргі кезде басқару тиімділігін артыруда спорт саласында білім, идея, концепция сияқты басқаруға қатысты педагогикалық құндылықтар үлкен маңызға ие болуда. Педагогикалық жүйені басқарудың құндылықтары сан алуан. Олардың қатарына:

- әртүрлі деңгейдегі спорт мектептегіндегі тұтас педагогикалық процесті басқарудың мәні мен маңызын ашатын құндылық-мақсаттары;
- білім жүйесін басқару мақсаты, спорт мектебін басқару мақсаты, педагогикалық ұжымды, оқушылар ұжымын басқару мақсаты, болашақ чемпиондар тұлғасының өзін-өзі тәрбиелеуі, өзін-өзі дамытуын басқару мақсаты және бағалау құндылық-мағлұматтарға басқару қызметіне реттеушілік сипат береді;

- құндылық-білімдер басқару саласындағы спорт мектебі білімінің мәні мен маңызын ашады;
- басқарудың әдістемелік негізін, мектепшілік менеджментті білу;
- педагогикалық процестерді басқару тиімділігінің критерийлерін меңгеру және т.б. болып табылады.

Спорт мектебінің директорының басқару мәдениетінің технологиялық компоненті педагогикалық процесті басқарудың әдістері мен тәсілдерін біріктіреді. Мектепшілік басқару технологиясы арнайы педагогикалық міндеттерді шешу басшы-менеджердің педагогикалық талдау және жоспарластыру, педагогикалық процесті бақылау және реттеуді атқара алатын іскерлігіне байланысты. Спорт мектебі директорының басқару мәдениетінің деңгейі аталған міндеттерді шешудің әдіс, тәсілдерін қаншалықты меңгере алуына тікелей байланысты.

Спорт мектебі директорының басқару мәдениетінің тұлғалық-шығармашылық компоненті педагогикалық жүйені басқаруды шығармашылық акт ретінде қарастыру арқылы ашылады.

Спорт мектебі басшысының басқару қызметі өзінің табиғатында шығармашылық болып табылады. Басқарудың құндылықтары мен технологиясын меңгере отырып басшы-менеджер тұлғалық ерекшеліктері мен басқару объектісінің ерекшеліктеріне сай, ол құндылықтарды өзінше қайта құрып, талдап түсіндіруге ұмтылады. Осылайша, педагогикалық жүйені басқару тұлғалық қабілеттерді іске асыратын және жұмсайтын сала болып табылады.

Спорт мектебінің директоры оқу-тәрбие жұмысы мен сапасы үшін арнайы жауапкершілік атқарады. Оның міндеттеріне кіретіндер:

- кадрларды дұрыс таңдау мен орналастыру, мектептің педагогикалық ұжымына басшылық ету, мұғалімдердің кәсіби, ғылыми-теориялық және психологиялық-педагогикалық деңгейін көтеруге жағдай жасау, олардың педагогикалық шығармашылығына жол ашу және оқыту мен тәрбиенің озат педагогикалық тәжірибесін енгізу;

- оқу-тәрбие процесінің барысын, оқушылар білімінің сапасы мен жеке тұлға ретінде дамуын, сыныптан тыс жұмыстың мазмұны мен ұйымдастыруын бақылау;

- оқушылардың спорт саласында жоғары жетістіктерге жету үшін барлық жағдайды жасау;

- спортшыларды даярлайтын жаттықтырушыларды толықтай еңбекпен қамтамасыз ету;

- оқушылардың кәсіби бағыты бойынша тәрбиелік жұмысты ұйымдастыру және оларға өмірде өз жолын табуға кеңес беру;

- оқушылардың өзін өзі басқару органдарына практикалық көмек көрсету және оның іс-әрекетін белсендіру, мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру бойынша мұғалімдер мен оқушылардың қоғамдық ұйымдарымен іскерлік ынтымақтастық қатынас жасау;

- Еңбек туралы Заңға, мектептің ішкі тәртіп ережелері мен жарғысына сәйкес мектеп қызметкерлерінің міндеттерін анықтау мен нақтыландыру;

- ата-аналар қоғамдастығы ұйымдарының жұмысын ұйымдастыру мен оларға басшылық жасау;

- жергілікті спорттық орталықтар, қоғамдық ұйымдар, мекемелер және негізгі кәсіпорындармен іскерлік байланыс орнату;

- мектептегі қажетті санитарлық-гигиеналық тәртіпті орнату, оқушылардың, мұғалімдер мен мектептің қызмет көрсету адамдарының сабақтағы және іс-әрекеттің басқа да түрлері (спорттық жарыстар) барысындағы еңбекті қорғау мен қауіпсіздік шараларын сақтау;

- мектептің қазіргі заманғы оқу-материалдық базасын, спорттық жаттықтыру құралдары мен спорт залдарды нығайту мен дамыту;

- мектептің педагогикалық кеңесімен келісіп, мұғалімдерді және мектептің басқа да қызметкерлерін мадақтау мен марапаттауға ұсыну.

Қорыта келгенде басқару қызметінде спорт мектебінің директоры да тұлға, басшы, ұйымдастырушы және тәрбиеші ретінде өзін-өзі таныта алу міндетті. Ал, білікті басшы бар жерде, шәкірттері жоғары жетістіктер мен олимпиадада жоғары көрсеткіштерге ие болары даусыз. Спорт мектебінің негізгі әлеуметтік міндеттеріне сәйкес, ол өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асырады, осыған байланысты, басқарудың барлық бағыттарының ішінде оқу-тәрбие жүйесін басқару бірінші орында болу керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Чесноков Н.Н. Профессиональное образование в области физической культуры и спорта: учебник Н.Н. Чесноков, В.Г. Никитушкин. - М.: Физическая культура, 2011. - 400 с.
2. Управление физической культурой и спортом: Учебник для ИФК/ Под ред.И. И. Перевезина и др. - М.: ФиС, 2017.
3. Перевезин И.И. Менеджмент спортивной организации. Краткий курс. -М.: ФОН, 2008.
4. Соловьев Г. М. Некоторые аспекты технологической модели подготовки специалистов по физической культуре в системе дополнительного профессионального образования в вузе // Теория и практика физической культуры (научно-методический журнал). М. — 2002. — № 9.- с.23–26,39.
5. Филанковский В. В. Теория и практика формирования профессиональной готовности учителя физической культуры: Автореферат. — Майкоп, 2000. — 36 с.
6. Шалаев И. К. Хрестоматия по эффективности управления образованием: мотивационный программно-целевой подход / под. Ред. И. К. Шалаева. — Барнаул, БГПУ, 2003. — 820 с.
7. Мальгин, В. Е. Развитие управленческой компетентности руководителя спортивной школы // Проблемы и перспективы развития образования : материалы V Международная научная конференция. (г. Пермь, март 2014 г.). — Т. 0. — Пермь : Меркурий, 2014. — С. 3-5.